

¹Саркытқан Қ.  ²Әмірбекова С.К.  ³Құрманбаева Қ.С. 
^{1,2,3}Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан
e-mail: ¹kaster012@mail.ru, ²sagynysh.amirbekova@mail.ru, ³kurmanbayeva.ks@gmail.com

АДАМЗАТ ТАРИХЫ МЕН ӨРКЕНИЕТІН ЗЕРТТЕУДЕГІ КАРТАЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫ: ЕЖЕЛГІ МЫСЫР ЖӘНЕ МЕСОПОТАМИЯ КАРТАЛАРЫН САЛЫСТЫРА ЗЕРТТЕУ

Аңдатпа. Бұл мақалада тарихи карталардың ғылыми және мәдени тәжірибе ретінде адамзаттың даму тарихындағы рөлі қарастырылады. Ежелгі заманғы саз балшық тақталарға кеңістіктің сызбасын бейнелеуден бастап, қазіргі дәуірдегі GIS технологиясына негізделген, цифрлық карталарға дейінгі карталардың даму тарихына назар салатын болсақ, карталар тек бағыт-бағдар көрсету құралы емес, сонымен қатар, саяси биліктің, діни дүниетанымның және технологиялық прогрестің көрінісі ретінде дамып келе жатқанын білуге болады. Бұл зерттеуде картография эволюциясының негізгі кезеңдері мен оның кеңістік, уақыт және бірегейлік туралы адамзат түсінігін қалыптастырудағы рөлі талқыланады. Картографияның ежелден қалыптасып, тұрақты түрде дамып отырған ғылым саласы екенін айқындай отырып, оның ғылыми, мәдени және саяси функциялары жүйелі түрде қарастырылады. Зерттеуде ежелгі Месопотамия мен Мысыр өркениеттерінің картографиялық дәстүрлері, ортағасырлық ислам және христиан дүниетанымындағы кеңістік түсініктері салыстырыла зерттеледі. Ұлы географиялық ашулар дәуіріндегі және отаршылдық ұстанымдар негізіндегі картографияның мәні көрсетіліп оған қарсы ұлттық идеологияның қалыптасуындағы картографияның рөлі кеңінен талқыға түседі. Бұл мақалада сонымен қатар, қазіргі заманғы карталар - аумақтық тұтастық, ұлттық бірегейлік, тарихи жады және геосаяси стратегияларды қалыптастыруда ықпалды құрал ретінде сипатталады. Қазіргі цифрлық картография – жаһандық саясат пен мәдениеттің маңызды құралына айналған күрделі әрі құбылмалы геосаяси жағдайда Қазақстан секілді отаршылдық тарихын бастан кешірген әрі территориясының жер-су атауларының басым көбі өзінің әуелгі, тарихи атауынан бұрмаланып кеткен оның үстіне аумақтық тұтастығы маңызды мәселеге айналып отырған мемлекет үшін тарихи карталардың маңызы айрықша екендігі дәріптелген. Қорыта айтқанда, картографияның ғылыми, саяси және рухани салалардағы ықпалы мен трансформациясы терең зерделеніп, оның бүгінгі күнгі геосаяси қолданыстары, жүйеден мемлекеттің тұтастығы мен тәуелсіздігінің баянды болуындағы орны жан-жақты ашып көрсетілген.

Алғыс: Бұл мақала: ЖТН BR24993132 «Ватиканның және Батыс Еуропа елдерінің жаңа құнды материалдары бойынша Түркі әлемінің ерте және ортағасырлық тарихы мен мәдениеті» тақырыбындағы бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасын іске асыру шеңберінде дайындалды.

Кілт сөздер: тарихи карталар, өркениеттер (Месопотамия, Мысыр), ислам және христиан картографиясы, карталардың эволюциясы, ұлттық идея, геосаяси стратегия.

Кіріспе

Карталар – адамзаттың қоршаған ортаны тану мен оны басқарудағы ең көне құралдарының бірі. Ол - жер бетіндегі кез-келген заттың, дененің, құбылыстың, табиғи күштердің кеңістіктегі орнын және өзара ықпалы мен қатынастарын көрнекі түрде бейнелеп, түсіндіріп көрсетеді. Тарихи карталар – адамзат даму тарихының жарқын көріністері ретінде, ескіден сыр шертіп, шынайы болмысқа, қазіргі кездегі түрлі дау мен таласқа нүкте қоюға көмектесетін аса бағалы жәдігер. Оны тарихшылар, географтар мен саясаттанушылар құнды

бастапқы дереккөзі ретінде бағалайды және пайдаланады. Өйткені, тарихи карталар белгілі бір географиялық аумақ, ғарыштық дүниетаным және идеологиялық жүйелер туралы мағлұмат беретін бірден-бір ақпарат көзі.

Тарихи карталар ізденушілер үшін байырғы мәдениеттердің тарихи-географиялық кеңістігі туралы баға жетпес ақпарат бере отырып, сол кезеңдердегі тарихшылар мен ғалымдардың нені маңызды деп санайтын ой-санасы мен дүние-танымдық түсінігін де ашып көрсетеді. Сондықтан тарихи карталар - есте жоқ ескі заманды жан—жақты бейнелейтін әрі жалғыз маңызды жолы (Black, J., 2000).

Карталар өздерінің даму тарихында біртіндеп қарапайымдылықтан ғылымилыққа, жеке бейнелеуден, кешенді бейнелеуге және жан-жақты кемелденуге қарай дамып отырды. Карталар бейне адамзат ақыл-ойының, сана-сезімінің көрінісі сипатында біртіндеп толығып, өркендеп өсті. Бүгінгі таңда картография тарихының басты мәселесі – картаны адамзаттың игілігі тұрғысынан шынайы әрі ғылыми зерттеу болып табылады. Ішкі ой әлемі мен сыртқы физикалық әлемнің арасындағы дәнекер ретінде карталар – адамның өз әлемін әртүрлі ауқымда түсінуіне көмектесетін негізгі материалдың бірі және бірегейі.

Картографияның даму тарихына көз жіберер болсақ, оның жазудан да, сандық таңбалардан да бұрын пайда болғанын біле аламыз. Себебі, әлемнің көптеген аймақтарында карталар күнделікті тұрмыста Еуропалық ренессанс дәуірінде бастап жаппай қолданысқа ене бастады. Бірақ бұл дүниенің барлық бұрышында тек Еуропалық ренессанс дәуірінен кейін ғана адамдар картаны қолданды деген ұғым бермейді, себебі дүниежүзінің басым көп бөлегінің тұрғындары жергілікті деңгейінде карталарды қолданып өмір сүрген. Осылайша, карта – әрі ежелгі, әрі кең таралған құбылыс ретінде біздің дәуірімізге жетті. Біз бұдан карталар археологиялық немесе жазбаша деректер арқылы белгілі бір өркениеттер дәуірінде адамдардың өміріне, ойлауына және қиялына зор әсер еткен құбылыс екенін аңғарамыз (Harley, J. V., & Woodward D., 1987).

Бүгінге дейін картография ғылым ретінде даму кезеңдерінен өтті. Тарихтың өзіне жүктеген міндетін орындай отырып, пісіп-жетілді. *Қорыта айтқанда*, картографияның негізгі жетістіктерін төмендегідей бірнеше бағытта тұжырымдауға болады:

-Теологиялық дүниетанымды бейнелеуден эмпирикалық картографияға көшті. Бұл үрдеріс Ұлы географиялық ашулар кезеңінде нақты көрініс тапты. Мәселен, ғылыми бақылауларға негізделіп, теңіз жағалаулары, порттар мен мұхит ағыстары мұқият сипаттала бастады. Оның үстіне XIV ғасырдан бастап компас бағыттары мен жел белдеулері негізінде жасалып, қолданысқа енген карталар теңізшілерге арналған дәлдігі жоғары құралға айналды;

- Белгілі тұлғалар картографияның дамуына тың жаңалық әкелді. Мәселен, Герардус Меркатор (1512–1594 жж.) 1569 жылы теңізде түзу бағытпен жүруді жеңілдеткен *Меркатор проекциясын* енгізді. Абрахам Ортелиус (1527–1598 жж.) 1570 жылы алғашқы заманауи атлас – *Atlas Orbis Terrarum (Латын тілінен аударғанда - Қараңғы жершары немесе бейтаныс әлем мағынасында. Бұл жершарының әлі толық ашылмағанын білдіретін образды тіркес Қ.С.)* жинағын жарыққа шығарды. Мартин Вальдземюллер (Martin Waldseemüller, неміс картографы. 1470-1520 жж.) 1507 жылы алғаш рет жаңа құрлықты “Америка” деп атаған картаны жасап, оны Азиядан бөлек құрлық екенін анықтады.

- Техникалық және ғылыми жетілдірулер қалыптасты. Мәселен, ендік пен бойлық жүйесін қолдану кең тарала бастады. Астрономиялық бақылау құралдары карталардың дәлдігін арттырды. Баспа технологиясы (жылжымалы әріп және мыс табақшаға ойып басу) карталарды көп данамен шығаруға мүмкіндік берді.

- Отарлық және саяси мақсаттарда картографияның дамуында зор рөл атқарды. Мысалы, жаңадан ашылған жерлерге иелік ету, шекара белгілеу және отарлау үдерістерін карталар арқылы заңдастырып отырды. Осылайша, карталар империялық саясаттың құралына айналды. Оның үстіне, бұл мемлекет тарапынан қолдау тауып отырған жұмыс болғандықтан, қаржылық және адами-техникалық көмек жеткілікті болды. Нәтижеде

картографиялық үгіт-насихат кең таралып, империялардың аумағын асыра көрсету немесе байырғы халықтарды назардан тыс қалдыру үрдісі етек алды.

- Картографияның ғылым ретінде дамуына әлемдік мәдени және ағартушылық алмасулардың сауда мен саяхатшылықтың да өз ықпалы болды. Мысалы, өзара білім алмасу нәтижесінде Еуропалық картографтар араб, қытай және байырғы халықтардың деректерін кеңінен пайдалануға мүмкіндік алды. Осының нәтижесінде өлшеу мен дәлдікке мән берілген бір ізді белгілер, масштаб және өзге де шартты таңбалар карталардан көрініс тапты. Сауда істерінің, саяхатшылықтың дамуы бұрын бейтаныс өлкелерді танып, білуге мүмкіндік жасады. Міне, осындай көптеген интеграциялық үдерістердің нәтижесінде XVII ғасырдың соңына қарай әлем карталарында Африка, Америка, Азия мен Океания туралы нақтырақ мәліметтер көрініс тапты (Bagrow, L. 1964).

Зерттеу материалдары мен әдістері

Карталардың алғашқы нұсқасы – адам санасындағы кеңістік туралы ойдың бейнелеуі деп санасақ, ол тіпті жазуды айтпағанда, ең байырғы өте қарапайым «карталар» жасалудан да бұрын қалыптасқанын сезе аламыз. Сондықтан көптеген ғасырлар бойы карталар ғылымда ғана емес, әдебиетте метафора ретінде ойлау, елестету, бейнелеу тәсілдерімен ұштасып қолданылып келді. Басқаша айтқанда, адамзат тарихында географиялық кеңістік және қоғамдық құбылыстар туралы ұғымдар мен деректерді тарих ғылымы арқылы қабылдап, түсініп келсек, карта арқылы физикалық нысанның кеңістіктегі коммуникациялық тарихын бір шағын көлем ішінде бейнелеп келдік. Сондықтан тарихи карталарды зерттеу өте ауқымдылықты, шынайылықты және жан-жақтылықты талап етеді. Сол үшін бұл саладағы зерттеу жұмыстарында көптеген әдістерді қолдануға тура келеді. Мәселен, археологиялық жәдігерлер, жазбаша деректер, ғылыми әдебиеттер негізінде тарихи-деректемелік әдісті, Месопотамия мен Мысыр, сондай-ақ христиан және ислам картографиясының ұқсастықтары мен айырмашылықтары талдау үшін салыстырмалы талдау әдісін, карталарға қатысты діни, саяси және мәдени контекстерді ашу арқылы олардың қоғамдағы рөлдері талдауда мәдени-контекстуалды әдісті, ежелгі елді-мекендерге және тарихи оқиғаларға байланысты материалдар мен ресми құжаттар пайдаланылды құжаттық әдісті, карталардағы символдар мен мағыналарға мән беріп, олардың астарлы мазмұны мен идеологиялық функциялары түсіндіруде интерпретациялық әдісті қолдануға болады. Бұлардан бөлек, географиялық үлгілеу, картографиялық, баяндау сондай-ақ статистикалық, мұрағаттық, индукциялық, дедукциялық және өзге де тарихи-географиялық әдістер қолданылды.

Мақалаға ғылыми материалдар ретінде ағылшын тілінде жарық көрген әдебиеттерде негіз етілді. Оның ішінде тарихи карталардың есте жоқ ескі замандардан маңызды дерек беретін ақпарат көзі ретіндегі маңызын Ұлыбританияның әскери және саяси тарихшы әрі картография тарихының маманы Джереми Блэктың (Jeremy Black) «Maps and History: Constructing Images of the Past» еңбегінен; Карталардың әртүрлі өркениеттер мен мәдениеттердің қалыптасып, дамуындағы рөлін және тарихи кезеңдегі адамдардың күнделікті өмірі мен ойлау жүйесіндегі маңызын археологиялық немесе жазбаша деректер арқылы танып білу тәсілін ежелгі дәуірден бастап қазіргі кезеңге дейін картография тарихын жан-жақты қамти зерттеген көптомдық еңбек авторлары ағылшын географы және тарихшысы Джон Брайан (John Brian) мен американдық картограф әрі тарихшы Харли Дэвид Вудвордтың (Harley David Woodward) «The History of Cartography» еңбегінен; Бабылдың географиялық орны мен тарихи географиясына, өркениетіне, қалалары мен елді-мекендеріне қатысты мәліметтерді, сондай-ақ Хаммурапи қабылдаған заңдардың мән-мағынасына байланысты ғылыми деректерді туралы Американдық Ассириолог, лингвист және жазу жүйелерінің тарихшысы Игнас Джей Гелбдің (Ignace Jay Gelb) «The early history of the West Semitic peoples», Джейкобсен Торкилдтің (Jacobsen Thorkild) «Primitive democracy in ancient Mesopotamia», сондай-ақ Бангладештің Раджшахи университетінің Исламтану және

Санскрит кафедрасының ғалымдары Муршида Хатун және Амирул Исламның (Murshida Khatun, Amirul Islam) «Ancient Civilization and Marriage: a comparative study of Customs, Traditions, and rituals in Sumerian, Babylonian, Persian, Egyptian, Greek, Roman, Chinese, European, African and American Cultures» еңбегінен; Еуропалық картографияның даму кезеңдері мен негізгі тұлғаларын сондай-ақ ежелгі карталардағы Вавилон, Египет және грек үлестері мен Ортағасырлық Ислам, Христиан және Қытай дәстүрлі карталарын зерттеумен айналысқан Гарвард Университетінің ғалымы Бэгроу Леоның (Bagrow, Leo) «History of Cartography» еңбегінен; Тарихи деректерді картаға түсіріп, тарихты географиялық тұрғыдан қайта қарастыруды негіз еткен және кеңістіктік талдау арқылы өткенді жаңа қырынан түсінуге бағытталған ғылыми еңбектердің авторы Ұлыбританияның Ланкастер Университетінің Цифрлық гуманитарлық ғылымдар профессоры Ян Н. Григорий (Ian N. Gregory) мен Данди университетінің география пәнінің оқытушысы, кеңістіктік талдау және географиялық әдістемелер бойынша жетекші маман Алистер Геддестің (Alistair Geddes): «Toward Spatial Humanities: Historical GIS and Spatial History» атты еңбектері пайдаланылды. Отандық ғалымдардан география институтының ғалымы Сламқұл Әбдірахмановтың «Қазақ жерінің каталогы» және Р.Б.Сулейменов атындағы Шығыстану институты ғалымы Қастер Сарқытқанның «Тарихи карталар және геосаясат: байырғы мәдениет, мемлекеттік мүдде және шекаралық шиленістер» атты еңбектері қолданылды.

Талқылау

Біз күні бүгінге дейін карталардың қашан және қай жерде бірінші болып қолданысқа енгені туралы нақты әрі ғылыми дәлелдеме ие болғамыз жоқ. Алайда, алғашқы карталардың адамзаттың балаң сана-түсінігі бойынша қасиетті кеңістіктерді бейнелеуден бастау алғаны туралы пікірмен келісуге болады. Мысалы, Вавилонның (Бабыл) дүниежүзілік картасы (б.з.д. VI ғасыр) – нақты географиядан қарағанда ғарыштық тәртіптің рәміздік көріністерін бейнелеуге бағытталғанын пайымдауға болады (*Бабыл - Месопотамияның оңтүстік бөлігінде, қазіргі Ирак жерінде өмір сүрген, біздің заманымыздан бұрынғы 2-мыңжылдықтың басында пайда болған байырғы мемлекет және өркениет. Оның аты мемлекеттің бас қаласы Бабылдың атымен аталған Қ.С.*). Себебі бұл карталарда белгілі әлемді құдіретті күш – «Құдайлық» немесе мифологиялық жүйенің ортасына бейнеленген. Бұл түрдегі карталарға ежелгі Месопотамия мен Мысыр карталарын жатқызуға болады (*бұл карталар алғашқы карталар саналады, онда географияны діни рәміздермен біріктіріп қарастырған Қ.С.*). Бұдан бөлек Қытайдың Чжоу әулеті (б.з.д. 1122 — б.з.д. 247) дәуіріндегі тасқа қашалып жасалған алғашқы топографиялық карталарды сондай-ақ ежелгі Грекиядағы Птолемейдің географиясы координаталық жүйені енгізген, біршама ғылыми мәнге ие картографиялының негізгі ерекшеліктерін бастау еткен карталарды да жатқызуға болады. Бұл карталардың біртіндеп дамуы адамзат өркениетінің кеңістік пен уақытты түсіну деңгейінің артуымен байланысты қалыптасып, дамып отырды.

Біз ежелгі карталарды қарастырғанымызда жоғарыда атап өткеніміздей байырғы өркениеттерде картография тек географиялық бағдарлау құралы ғана емес, сонымен бірге, діни, мифологиялық және идеологиялық түсініктердің көрінісі ретінде пайдаланғанын пайымдадық. Бұл тұрғыдан алғанда, Ежелгі Месопотамия мен Ежелгі Мысыр – әлемдегі ең алғашқы тарихи карталар жасаған және қолданған мәдениет ошақтары саналады. Алайда, бұл екі өркениет карталарының тарихи құндылығы мен ерекшеліктері салыстырмалы түрде бір-бірінен парықталады.

Зерттеу нәтижелері

Месопотамия картографиясына тоқталып өтейік. Бұл өркениет картасының басты құндылығы – адам мен әлемнің байланысы космологиялық-геоцентристік негізде түсіндірілген. Бұл көзқарас сол дәуірдің карталарында айқын бейнеленіп келген. Солардың

ішіндегі ең танымалы – Бабыл әлем картасында (б.з.д. VI ғ.) Бабыл (Вавилон) қаласы әлемнің орталығы ретінде бейнеленген. Картаның айналасын Осеанус қоршап тұр (*Oceanus – мифологиялық тұрғыда барлық судың көзі әрі тәңірі, ал географиялық тұрғыда әлем мұхиты деген мағынада қолданылған Қ.С.*) ал оның сыртында белгісіз және мифологиялық үшбұрышты аймақтар салынған. Осы көріністер арқылы ежелгі Вавилонның күш-құдіретін асқақтатып бейнелеуге тырысқан. Біз осы орайда Вавилон тарихына аз-кем тоқтала кетейік. Адамзат тарихында өзінің мәдениетімен сақталған Шумер және Аккад аймақтары кезінде Вавилонның құрамында болғаны белгілі. Сирия шөлінен шыққан семиттік Аморлықтар Вавилонды жаулап алды (Gelb, I. J. 1961). Алайда олар Шумер және Аккад мәдениеттерін бойына сіңіріп, өздерінің де мәдениетімен бірлестіре отырып, Вавилонның ерекше мәдениетін дамыта түсті. Әйгілі Хаммурапидің билік дәуірі Вавилон империяның жан-жақты дамыған кезеңі екені белгілі. Себебі, Хаммураби ең жергілікті әдет-ғұрыптарды ғана емес, жалпыға бірдей заңды құрастыру және тұжырымдау болды. Бұл өз кезегінде білім-ғылымның дамуына серпін берді (Jacobsen, T. 1943). Хаммурапи қабылдаған заңдар Вавилон өркениетінен байқалады. Мысалы, қатаң тәртіпті сақтау, таптық заңнаманы сақтау, әйелдерге деген жомарт мінез-құлық, сауданы кеңейту. Осы заң арқылы Вавилондықтардың әлеуметтік-экономикалық және саяси мәртебесі анықталды (Murshida Khatun Md Amirul Islam, 2023).




1- сурет. Британ Мұражайы 1882 жылы сатып алған Бабыл әлем картасы (Қастер Саркытқан, 2024)

Месопотамия картографиясының ерекшеліктерін жинақтасақ, картаның материалы – сазбалшықтан жасалған тақта, оған жазылған жазу – сына (*клин жазуы, б.з.б. 4 – 3-мыңжылдықтарда Алдыңғы Азияда кең тараған көне жазу түрі*) жазуы болған. Бұл карталардың жасалуының мақсаты анық, айқын болмаса да, негізінен космологиялық дүниетанымды визуализациялауды мақсат еткен деп тұжырымдауға болады. Оның символдық мәні - картада мифтік «жеті жер» бейнеленген. Бұл оның функциясының географиялық құралдан гөрі идеологиялық-діни мағынада қызмет еткенін және сол дәуірдегі Месопотамия халқының әлем туралы көзқарасы мен құдайлық құдірет пен тәртіпке деген сенімдерін көрсетеді.

Ал ежелгі Мысыр картографиясына келер болсақ, Оның құндылығы – карталардың практикалық және рухани мақсаттарда қолданылуы болып табылады. Бұл өркениеттің ең


көне карталарының бірі — Турин Папирус картасы (б.з.д. XIII ғ.). Бұл карта Вади Хаммамат аймағын, оның ішіндегі жолдарды, тауларды және алтын кеніштерін аса дәлдікпен бейнелеген.



2- сурет. Турин Папирус картасы (б.з.б. XIII ғ.) (Harrell, J.A. and V.M. Brown, 1992a)

Бұл карта қазіргі кезде сақталған ең ежелгі геологиялық карта болып табылады. Ол шамамен б.з.б. 1150 жылы, Рамзес IV (*Усермаат-Ра-мери-Амон, б.з.д. 1153—1146 билік құрған XX әулет перғауыны*) патша заманында, Уади Хаммамат шатқалындағы тасы карьеріне бағытталған экспедиция үшін жасалған. (*Вади Хаммамат - Египеттің Шығыс шөліндегі құрғақ өзен арнасы, ежелгі уақытта Ніл алқабының шығысындағы ірі тау-кен аймағы және сауда жолы болған, үш мың жылдық ұңгір суреттері мен граффити оны бүгінгі күні маңызды ғылыми және туристік орталыққа айналдырып отыр Қ.С.*). Карта ұзындығы шамамен 2–2.8 м, ені – шамамен 0.41 м. шамасында. Ол Уади Хаммамат бойындағы жолдарды, шатқалдарды, карьер мен алтын өндірушілердің ауылдарына дейін көрсетеді. Бейнелеп айтар болсақ, бұл карта геологиялық картаның ең алғашқы үлгісі деуге болады. Өйткені, түрлі тастардың түстері (қара, қызғылт, жасыл, ақ) нақты геологиялық құрылымды бейнелейді. Ғалымдар картаны жерге сәйкес тексеріп, онда көрсетілген карьерлер мен геологиялық өңірлер дәл орналасқанын растап отыр. Бұл осы дәуір карталарында топографиялық дәлдіктің болғанын мәселен жолдар, ландшафттар және нысандардың нақты сипатталуының іске асқанын көрсетеді.

Сонымен қатар, Мысыр карталары о дүниемен немесе Дуатпен (*Дуат- ежелгі мысыр аңызындағы ақырет әлемі Қ.С.*) байланысты діни сенімдерді де қамтыды. Бұл карталардың ерекшелігі жасалған материалы - папирус немесе тас, ал жазуы – әртүрлі таңбалар (иероглифтер). Карталар мемлекеттік ресурстарды рухани әлеммен басқаруды бейнелеген болуы мүмкін. Осы саламен айналысып жүрген ғалымдар Мысыр карталары арқылы сол кезеңнің тарихын, өңірдің экологиясын, шаруашылық жүйесін және рухани өмірін зерттеуге қажетті мәліметтер алуға болады деп санайды.



3- сурет. Дуат карталары (Egyptian Book of the Dead, 2012)

Дуат карталары кейде нақты географиялық емес, бірақ рухани-символдық «география» ретінде қызмет етеді. Олар – өлгеннен кейінгі өмірге әуестенушілерге арналған “рухани атлас” сынды. Бұл бір жағынан метафора, бір жағынан энциклопедиялық мәнге ие.

Біз Месопотамия мен ежелгі Мысыр картографиясын салыстыра талдайтын болсақ, екі өркениет арасындағы құндылықтардың мәні мен маңызын, ерекшеліктерін тұжырымдай аламыз.

№1 кесте. Екі өркениет карталарын салыстырмалы талдау

Реті	Қырлары	Ежелгі Месопотамия	Ежелгі Мысыр
1	Мақсаты	Космологиялық, идеологиялық	Практикалық, рухани
2	Картаның сипаты	Символдық, мифологиялық	Топографиялық, нақты
3	Қолданылуы	Әлем құрылымын түсіндіру	Жер ресурстарын басқару, о дүние бейнесі
4	Материалы	Балшық тақта, клин жазуы	Папирус немесе тас, иероглифтер
5	Орталық түсінік	Вавилон – әлемнің орталығы	Мысыр – Нилдің бойындағы тіршілік кеңістігі
6	Діни мағына	Құдайлық тәртіп пен мифтік кеңістіктер	Маат тәртібі мен Дуат әлемі

Кестеден көріп отырғанымыздай, ежелгі Месопотамия мен Мысырдың тарихи карталары — адамзаттың кеңістіктік танымының алғашқы кезеңдерін бейнелейтін құнды дереккөздер. Месопотамияда карталар дүниенің космологиялық құрылымын бейнелесе, Мысырда олар тәжірибелік өмір мен рухани әлем арасындағы байланысты көрсетті. Бұл карталар бүгінгі күні археология, антропология және тарихи география ғылымдарының маңызды зерттеу объектілеріне айналды. Екі өркениет те картографияны тек нысандарды белгілеу құралы емес, дүниетанымды бейнелеу тәсілі ретінде қолданған.

Жоғарыда талқылынған екі өркениетке тән тарихи карталарды қарастырғанымызда, карталардың адамзат тарихындағы маңызын терең түсінгендей боламыз. Өйткені карталар

бір мезгілде бейнелеуші әрі бағыттаушы құралдың қызметін қоса атқарған. Оның бейнелеушілік қызметі – сол дәуірдегі адамзат қоғамының өзі өмір сүріп отырған әлемді қалай түсінетінін көрсетсе, ал бағыттаушы болуы сол дәуірдегі ірі елдердің өзгені де, өзін де зерттеуде, жаулап алу мен сауда және дипломатиялық қатынастарда картаның ықпалды жоғары болды. Бұл қызметі қазіргі дәуірдегі саяси шекараларды белгілеу, ұлттық мүдделерді қорғау және билікті заңдастыру ісі секілді рөлдерді ойнады деп айтуға болады. Бұл тұжырымға дәлел ретінде, жоғарыда айтылған Месопотамия өңіріндегі Вавилон мемлекетінің тарихи даму кезеңдерін қарастыратын болсақ, оны тарихи карталар негізінде көрсетуге болады. Вавилон Хаммурапи патша тұсында нығайып, ірі мемлекетке айналса, Жаңа Вавилон кезеңінде (біздің заманымыздан бұрынғы 604 – 562 жж.) Вавилонның экономикасы да күшейіп, Алдыңғы Азиядағы негізгі сауда және мәдениет ошағына айналған болатын. Біздің заманымыздан бұрынғы 538 жылы парсылардың патшасы Кир II Вавилонды басып алды. Осыдан кейін ол Парсы империясының құрамында қалды. Оны осы тарихи даму кезеңдерін бірнеше картамен бейнелеуге болады. Бастапқысы - VI ғасырдағы Бабыл империясының картасы (Парсы империясының басып алуынан бұрынғы кезең). Бұл дәуір Бабылдың дәрендеп тұрған шағы. (б.з.б. 600–550 жж.) Мұнда Бабыл, Мид, Ассирия, Египет аймақтары көрініп тұр.




4- сурет. Бабыл империясының гүлденген дәуірі
(https://kk.wikipedia.org:Hammurabi's_Babylonia_RU.svg)

Парсы тайпаларын біріктірген Кир II (Ұлы Кир) б.з.д. 550 ж. Мидияны жаулап алып, қуатты Ахеменид империясын құрды. Б.з.д. 539 жылы Кир II әскерімен Вавилонға шабуыл жасап, оны бейбіт түрде басып алды. Осы кезеңдегі аймақтың картасын былайша көрсетуге болады. Парсы империясы, Медия және Вавилонды үзік сызықтар арқылы бейнеленіп, Парсы империясының құрамында тұрғанын көрсетеді. Осы картада назар салатын бір жағдай – Парсы империясының солтүстік шеті қазіргі Орталық Азия аймағына келіп тірелетінін көреміз. Нақты айтқанда, Каспи теңізінің оңтүстігі мен оңтүстік – батыс жағалауы және Арал теңізінің оңтүстігі жердері Парсы империясымен шектесіп жатыр. Парсылармен шекаралас жатқан елді – Массagetтер (көне латын тілінде «*Massagetae*» деп жазылған) елінің орналасқанын көруге болады. Қазір Массagetтерді Каспий мен Арал теңізі аралығын мекендеген тайпалар тобының ортақ атауы деп жүрміз. Олардың тегі, тілі туралы нақты

ғылыми деректер жоқ. Алайда, оны парсы тілінде сөйлеген халық деп айтуға келмейді. Егер, олар парсы тілінде сөйлеген халық болса, онда парсылармен бірігіп, бір империяның құрамында өмір сүрмес пе еді? деген сұрақ туындайды. Массажеттердің шығысында САКАЕ деген елдің аумағы бейнеленген. "Sakae" (кейде "Sacaе" немесе "Sakai") атауы ежелгі деректерде кездесетін, сақ тайпаларының атауларының бірі болып табылады. Бұл сөздер ежелгі грек, парсы және рим жазбаларында кездесетін болған. Осы екі елдің атауларының бөлек-бөлек таңбалануы сақтар (скифтер) массажеттер құрамында болған деген түсінікті әлі де зерттеудің қажеттілігін көрсетіп тұрған секілді.

Жыл санаудан ілгері VI ғасырда (б.з.д. 539 ж.), Вавилонның Парсы билігінің қол астына өткені белгілі. Осы тұста Персия империясы одан әрі кеңейіп, Балқанға дейін жеткенін көрсетеді. Тарихта парсылардың осындай ұлы империя құруы олардың кейінгі ұрпағына қалтырған аса үлкен рухани сыйы болды. Өйткені, империялық ұлы мұрат ұлттық идеологияның басы әрі негізі болып қалыптасып, жалғасып келеді. Біздің заманымызда аузын айға білеген АҚШ-пен бетпе-бет келіп, оның айтқанына көнбей, Израильмен 12 күндік соғысқа баруы осы үлкен рухтың көрінісі немесе сарқыншақ болса да жалғасы болуы мүмкін. Оған Иранның рухани көсемі Аятолла Әли Хаменеидің: «*Парсы халқы тарихтан бері ешкімге бағынышты болмаған халық екенін және ешкімнен қорықпайтын батыр халық екенін*» айтудың өзі осыған дәлел болғандай.



5-сурет Парсы империясы құрмында (<https://parsef.com/product/babylonian-mede-and-persian-empires>)

Кез келген ірі мемлекеттің саяси тұрақтылығы мен өркениеттік дамуында рухани негіздің, яғни ұлттық идеяның маңызы ерекше. Бұл идея – тарихи тәжірибеден тамыр тартатын, ұлттың бірегейлігін айқындайтын және қоғамдық сананы біріктіретін маңызды күш. Ол көбіне халықтың өткенімен тығыз байланысты, ұлт ретінде басынан өткерген ұлы жеңістердің, өрлеу кезеңдерінің, әрі ерлік пен елдіктің тоғысқан тарихи сәттерінің жалғасы болып табылады. Мұндай тарихи-рухани тәжірибе ұлттың ұжымдық жадында символдық капитал ретінде сақталып, кейінгі ұрпақтың санасында өмір сүруін жалғастырады. Ұлы мұраттар мен тарихи идеялар – тек өткенді еске алу емес, сонымен қатар қазіргі қоғамның рухани тұтастығы мен болашаққа деген бағдарын қалыптастыратын идеологиялық және мәдени негіз болып саналады.

Ұлттық идея – халықтың тарихи сана-сезімімен біте қайнасып, ұрпақтан ұрпаққа берілетін рухани код түрінде көрініс табады. Осындай терең әрі өміршең идеясы бар халық, тарихтың қандай ауыр кезеңдері мен тығырықтарына тап келсе де, өзінің ішкі қуаты мен рухани әлеуетінің арқасында қайта жаңғырып, тарихи сахнаға оралу қабілетіне ие болады. Бұл – тарихи дамудың заңдылығы, өркениеттер динамикасының өзіндік табиғи үрдісі. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ халқы үшін мәңгілік ұлттық идея не болуы керек? Қай тарихи кезең немесе құбылыс сол идеяның өзегіне айналуы тиіс? - деген сауалдар күн тәртібінен түспейтін, ғылыми тұрғыдан терең зерттеуді қажет ететін мәселе болып табылады.

Қазақтың тарихында рухани тірек бола алатын бірнеше кезеңдер мен құбылыстар бар:

- *Түрік қағанаты дәуіріндегі мемлекеттілік сана;*
- *Алтын Орда кезеңіндегі саяси ықпал;*
- *Қазақ хандығының құрылуы мен тәуелсіздік жолындағы күресі;*
- *Алаш идеясы мен XX ғасырдың ұлттық жаңғыру үдерістері;*
- *Егемен Қазақстанның қалыптасу кезеңі мен Тәуелсіздік философиясы.*

Аталған тарихи кезеңдер мен идеялар – қазіргі ұлттық тұтастық пен мемлекетшілдік ұстанымдардың рухани негізі ретінде қызмет ете алады. Мәселе – осы құндылықтарды ғылыми тұрғыда жүйелеп, ұлттың ұжымдық санасына орнықтыруда. Бұл – мемлекет пен қоғамның ортақ жауапкершілігі.

Бұл тақырып өзінің маңызы мен ауқымдылығына байланысты дербес зерттеуді талап ететін дүние.

Қорытынды

Картография ғылымы адамзат өркениетінің материалдық және рухани мұраларының ажырамас бөлігі ретінде тарихи кезеңдер бойына үздіксіз дамып, қоғамның әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени эволюциясымен өзара ықпалдасып отырды. Алғашқы бағыт-бағдар көрсететін сызбалардан бастап, геодезиялық өлшеулер мен астрономиялық деректерге сүйенген дәлме-дәл карталарға дейінгі даму үдерісі – адамның кеңістікті тану, құрылымдау және жүйелеу қабілетінің айқын көрінісі. Сондықтан тарихи карталарды ежелгі өркениеттердің ғылыми-техникалық жетістігі ғана емес, олардың дүниетанымдық моделі мен саяси құрылымының көрінісі ретінде қарастыруға болады.

Карталардың ежелгі мекендері саналатын Ежелгі Мысыр мен Месопотамия карталары картографиялық ойдың қалыптасуындағы іргелі үлгілер болып табылады. Мысырда картографиялық бейнелеу көбінесе папирусқа немесе тас беттеріне орындалған, мазмұны негізінен Ніл өзенінің арналарын, егістік алқаптарды, діни орталықтар мен мемориалдық нысандарды көрсетуге бағытталды. Месопотамияда саз тақталарға сына жазумен түсірілген карталар кеңінен тарады, олардың құрылымында қалалардың өзара орналасуы, өзен жүйелері және астрономиялық бағдарлар ерекше мәнге ие болды. Салыстырмалы тұрғыдан алғанда, Мысыр карталары аграрлық-шаруашылықты ұйымдастыру мен ирригациялық жүйелерді басқару мақсатына бейімделсе, Месопотамия карталары әкімшілік, сауда және космологиялық түсініктердің тоғысында жасалды. Осы тұрғыда Ежелгі Мысыр мен Месопотамия карталарының салыстырмалы талдауы картография тарихындағы өркениеттердің ортақ және ерекше қырларын аша отырып, қазіргі тарихи реконструкцияларда маңызды дереккөз бола алады деп айта аламыз.

Тарихи карталар мемлекеттердің аумақтық-геосаяси қалыптасуы мен даму динамикасын бейнелеуде маңызды дереккөз ретінде қызмет етті. Олар мемлекеттік шекараларды айқындауда, аумақтық тұтастықты қамтамасыз етуде және ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда функционалдық әрі символдық рөл атқарды. Карталарда бейнеленген тарихи-мәдени орталықтар, этникалық аумақтар мен стратегиялық нүктелер ұлттық идеологияның кеңістіктік негізін қалыптастырып, мемлекеттің саяси доктринасына ықпал етті. Бұл тұрғыда Қазақстан ссекілді Еуразия даласының орталығына орналасқан, Батыс пен

Шығыстың мәдениеті мен қарама-қайшы құндылықтарын бойына сіңірген, ұзақ уақыт отарлықты басынан кешкен, тарихы талай бұрмаланған, жоғалтқаны көп ел үшін тарихи карталады зерттеу, оларды табу, жүйелеу, бір ізге келтіріп, егемендіктің мәңгілік мұрасы үшін жұмыс істетудің мәні айрықша. Әрбір өркендеген елді қарастырғанда олардың ұлттық бастауы, рухани азығы болатын құндылықтары бар. Сол құндылықтар ұлттың басына қиындық туғанда, ел болып есеңгіреп қалғанда көмекке келетін және қиындықтан алып шығатын басты күш болмақ. Мақалада осы ойды негізге ала отырып, Қазақстан үшін ненің басты құндылық, негізгі ұлттық идея екендігі туралы сұрақ тасталады. Қазіргі алмағайып заманда ұлттың ұйысуына, бірігуіне, ұйтқы болатын идея, құндылық керек. Ол болмайынша тәуелсіздіктің баянды болуы қиын.

Жоғарыда айтылған тұжырымдарды ескере отырып, картография тек кеңістікті бейнелеу өнері немесе географиялық деректер жиынтығы ғана емес, сонымен қатар тарихи жадтың, ұлттық сананың және мемлекеттіліктің өзіндік құралы болып табылатынын, сондай-ақ оның көмегімен өткен дәуірлердің әлеуметтік-экономикалық құрылымын реконструкциялауға, қазіргі кеңістіктік процестерді бағалауға және болашақ даму стратегияларын айқындауға мүмкіндік туатынын айтқымыз келеді. Бұл факторлар картографияның ұлттық қауіпсіздік, аумақтық тұтастық және мәдени мұраны сақтау салаларындағы орны мен маңызын ғылыми тұрғыда дәлелдейді.

Әдебиеттер:

Babylonian, Mede and Persian Empires <https://parsef.com/product/babylonian-mede-and-persian-empires> (Қаралған күні: 20.05.2025)

Bagrow, L., 1964 – *Bagrow, L., History of Cartography. revised and enlarged by R.A.Skelton, London, C.A./Watts & L.T.D., 1964, - 524 pp.*

Black, J., 2000 – *Black J. Maps and History: Constructing Images of the Past // Yale University Press. 2000. 280 p.*

Egyptian Book of the Dead, 2012 – *Egyptian Book of the Dead (2012-09-26). Archived from the original on 26 September 2012. (Retrieved: 2025-03-15).*

Gelb, I. J., 1961 – *Gelb, I. J. The early history of the West Semitic peoples // Journal of Cuneiform Studies. Vol. 15(1), 1961, p.27-47.*

Harley, J. B., & Woodward D., 1987 – *Harley, J. B., & Woodward D. The History of Cartography, Volume 1: Cartography in Prehistoric, Ancient, and Medieval Europe and the Mediterranean // University of Chicago Press. 1987. 622 p.*

Harrell, J.A. and V.M. Brown, 1992a – *Harrell, J.A. and V.M. Brown "The world's oldest surviving geological map – the 1150 BC Turin papyrus from Egypt" // Journal of Geology 100 (1992), pp.3–18.*

Jacobsen, T., 1943. – *Jacobsen, T. Primitive democracy in ancient Mesopotamia // Journal of Near Eastern Studies. Vol. 2(3), 1943, p. 159-172.*

Murshida Khatun Md Amirul Islam, 2023 – *Murshida Khatun Md Amirul Islam «Ancient Civilization and Marriage: a comparative study of Customs, Traditions, and rituals in Sumerian, Babylonian, Persian, Egyptian, Greek, Roman, Chinese, European, African and American Cultures» // International Journal of Social Sciences & Humanities Vol. 8, No. 2, 2023, pp. 27-53 <http://ijssh.ielas.org>*

Картография <https://jp.pinterest.com/pin/367184175886946042> (Қаралған күні: 20.05.2025)

Сарқытқан Қ., Ерболат Е.. Тарихи карталар және геосаясат: байырғы мәдениет, мемлекеттік мүдде және шекаралық шиленистер тұрғысында. ҚазҰУ Хабаршы. География сериясы. № (70) 2024 . 44-58 б. URL: <https://bulletin-geography.kaznu.kz>

References:

Babylonian, Mede and Persian Empires <https://parsef.com/product/babylonian-mede-and-persian-empires> (Qaralğan kuni: 20.05.2025) (in Eng.)

Bagrow, L., 1964 – *Bagrow, L.*, History of Cartography. revised and enlarged by R.A.Skelton, London, C.A.Watts & L.T.D., 1964, - 524 pp. (in Eng.)

Black, J., 2000 – *Black J.* Maps and History: Constructing Images of the Past // Yale University Press. 2000. 280 p. (in Eng.)

Egyptian Book of the Dead, 2012 – *Egyptian Book of the Dead* (2012-09-26). Archived from the original on 26 September 2012. (Retrieved: 2025-03-15).

Gelb, I. J., 1961 – *Gelb, I. J.* The early history of the West Semitic peoples // Journal of Cuneiform Studies. Vol. 15(1), 1961, p.27-47. (in Eng.)

Harley, J. B., & Woodward D., 1987 – Harley, J. B., & Woodward D. The History of Cartography, Volume 1: Cartography in Prehistoric, Ancient, and Medieval Europe and the Mediterranean // University of Chicago Press. 1987. 622 p. (in Eng.)

Harrell, J.A. and V.M. Brown, 1992a – *Harrell, J.A. and V.M. Brown* "The world's oldest surviving geological map – the 1150 BC Turin papyrus from Egypt" // Journal of Geology 100 (1992), pp.3–18. (in Eng.)

Jacobsen, T., 1943. – *Jacobsen, T.* Primitive democracy in ancient Mesopotamia // Journal of Near Eastern Studies. Vol. 2(3), 1943, p. 159-172. (in Eng.)

Murshida Khatun Md Amirul Islam, 2023 – *Murshida Khatun Md Amirul Islam* «Ancient Civilization and Marriage: a comparative study of Customs, Traditions, and rituals in Sumerian, Babylonian, Persian, Egyptian, Greek, Roman, Chinese, European, African and American Cultures» // International Journal of Social Sciences & Humanities Vol. 8, No. 2, 2023, pp. 27-53 <http://ijssh.ielas.org> (in Eng.)

Q. Sarqytqan, E.Erbolat. Tarihi kartalar zhane geosayosat: bajyrgy madeniet, memlekettik mudde zhane shekaralyq shilenister turgysynda. QazUU Habarshy. Geografiya seriyasy. № (70) 2024 . 44-58 b. URL: <https://bulletin-geography.kaznu.kz> (in Kaz).

Kartografiya <https://jp.pinterest.com/pin/367184175886946042> (Qaralğan kuni: 20.05.2025) (in Eng.)

¹Сарқытқан К. ²Амирбекова С.К. ³Курманбаева К.С.

^{1,2,3}Институт востоковедения имени Р.Б. Сулейменова, Казахстан, г. Алматы
e-mail: ¹kaster012@mail.ru, ²sagynysh.amirbekova@mail.ru, ³kurmanbayeva.ks@gmail.com

ЗНАЧЕНИЕ КАРТ В ИЗУЧЕНИИ ИСТОРИИ И ЦИВИЛИЗАЦИИ ЧЕЛОВЕЧЕСТВА: СРАВНИТЕЛЬНОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ КАРТ ДРЕВНЕГО ЕГИПТА И МЕСОПОТАМИИ

Аннотация. В данной статье рассматривается роль исторических карт как научного и культурного феномена в истории развития человечества. От древнейших изображений план местности на глиняных табличках до современных цифровых карт, основанных на технологиях GIS, прослеживается, что карты служили не только средством ориентирования, но и отражением политической власти, религиозного мировоззрения и технологического прогресса. В исследовании обсуждаются основные этапы эволюции картографии, также роль в формировании человеческих представлений о пространстве, времени и идентичности. Подчеркивается, что картография – это наука, сложившаяся в глубокой древности и непрерывно развивавшаяся, при этом системно рассматриваются её научные, культурные и политические функции. В работе проводится сравнительный анализ картографических традиций древних цивилизаций Месопотамии и Египта, а также пространственных представлений в средневековом исламском и христианском мировоззрении. Отдельное внимание уделяется значению картографии в эпоху Великих географических открытий и в

контексте колониальной идеологии, а также её роли в формировании национальной идеологии как противовеса колониальным установкам. Кроме того, в статье современные карты рассматриваются как влиятельный инструмент в формировании территориальной целостности, национальной идентичности, исторической памяти и геополитических стратегий. Показано, что современная цифровая картография в условиях сложной и изменчивой геополитической ситуации становится важнейшим инструментом глобальной политики и культуры. Для государств, подобных Казахстану, переживших колониальное прошлое, с искажёнными историческими топонимами и актуальными вопросами территориальной целостности, значение исторических карт приобретает особую значимость. В заключение глубоко анализируется влияние и трансформация картографии в научной, политической и духовной сферах, раскрываются её современные геополитические применения и роль в обеспечении целостности и устойчивой независимости государства.

Благодарность: Статья подготовлена в рамках реализации программно-целевого финансирования Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан ИРН BR24993132 «Ранняя и средневековая история, культура Тюркского мира по новым уникальным материалам Ватикана и стран Западной Европы».

Ключевые слова: исторические карты, цивилизации (Месопотамия, Египет), исламская и христианская картография, эволюция карт, национальная идея, геополитическая стратегия.

¹Sarkytkan K. ²Amirbekova S.K. ³Kurmanbayeva K.S.

^{1,2,3}R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Kazakhstan, Almaty

e-mail: ¹kaster012@mail.ru, ²sagynysh.amirbekova@mail.ru, ³kurmanbayeva.ks@gmail.com

THE SIGNIFICANCE OF MAPS IN THE STUDY OF HUMAN HISTORY AND CIVILIZATION: A COMPARATIVE STUDY OF THE MAPS OF ANCIENT EGYPT AND MESOPOTAMIA

This article examines the role of historical maps as both a scientific and cultural phenomenon in the history of human development. From the earliest attempts to depict spatial layouts on clay tablets to modern digital maps based on GIS technologies, it is evident that maps have served not only as tools for navigation but also as reflections of political authority, religious worldviews, and technological progress. The study discusses the main stages in the evolution of cartography, as well as its role in shaping human perceptions of space, time, and identity. It emphasizes that cartography is a science that emerged in deep antiquity and has developed continuously, with its scientific, cultural, and political functions considered in a systematic way. The work presents a comparative analysis of the cartographic traditions of the ancient civilizations of Mesopotamia and Egypt, along with spatial perceptions in the medieval Islamic and Christian worldviews. Special attention is given to the significance of cartography during the Age of Discovery and within the context of colonial ideology, as well as its role in shaping national ideology as a counterbalance to colonial narratives. In addition, the article considers modern maps as an influential instrument in shaping territorial integrity, national identity, historical memory, and geopolitical strategies. It demonstrates that contemporary digital cartography, in the context of a complex and changing geopolitical landscape, has become a crucial tool of global politics and culture. For states such as Kazakhstan, which have experienced a colonial past, inherited distorted historical toponyms, and face current issues of territorial integrity, the importance of historical maps is particularly significant. In conclusion, the study offers an in-depth analysis of the influence and transformation of cartography in the scientific, political, and spiritual spheres, revealing its modern geopolitical applications and its role in ensuring the integrity and sustainable independence of the state.

Acknowledgement: The article was prepared as part of the implementation of the grant financing project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

«Early and medieval history, culture of the Turkic world based on new unique materials from the Vatican and Western European countries» (BR24993132)

Keywords: historical maps, civilizations (Mesopotamia, Egypt), Islamic and Christian cartography, evolution of maps, national idea, geopolitical strategy.

Авторлар туралы мәлімет:

Қастер Сарқытқан, г.ғ.к., Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының жетекші ғылыми қызметкері, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, Алматы, Қазақстан

Сағыныш Көпенқызы Әмірбекова, PhD, Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан

Құралай Смағұлқызы Құрманбаева, Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан

Информация об авторах:

Қастер Сарқытқан, к.ғ.н., ведущий научный сотрудник Института востоковедения им. Р. Б. Сулейменова, профессор Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

Амирбекова Сағыныш Копеновна, PhD, научный сотрудник Института востоковедения им. Р. Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан

Қуралай Смагуловна Курманбаева, научный сотрудник института востоковедения им. Р. Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан

Information about the authors:

Sarkytkan Kaster, candidate of Geographical Sciences, Leading Researcher at the R. B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, professor of Kazakh National Pedagogical University named after Abay, Almaty, Kazakhstan

Sagynysh Kopenovna Amirbekova, PhD, Researcher, R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan

Kuralay Kurmanbayeva, Researcher, R. B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan

*Келін түсті 5 желтоқсан 2025 жыл
Қабылданды 28 қаңтар 2026 жыл*